

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Польша Республикасының Үкіметі арасындағы білім саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы"
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 3 шілдедегі № 682 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 28 қазандағы № 1148 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Польша Республикасының Үкіметі арасындағы білім саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 3 шілдедегі № 682 қаулысына
мынадай өзгеріс енгізілсін:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары Рәпіл Сейітханұлы Жошыбаевқа Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Польша Республикасының Үкіметі арасындағы білім саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.».

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
С. Ахметов